

Гүлдана Мұхтарбекқызы Нұрсәуле Тілдабаева

DOSTAR 2

Гена

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)
М 86

Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.

М 86 DOSTAR-2. Гена: Балаларға арналған әңгімелер. / Мұхтарбекқызы
Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле: - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 44 б.

ISBN 978-601-7595-39-5

Генаға бұл жыл жақсы жаңалықпен басталды. Анасының Генаның жанында қалатыны әлі де түс секілді. Алайда бұл жолы Гена мен анасын үлкен сынақ күтіп тұрған еді. Генаның анасы оның тұйық мінезін ашу үшін театр мектебіне жібереді. Сахнадан қорқатын Гена өзін қалай ұстады?

ӘӨЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)

Мазмұны

Жақсы жаңалық.....	7
Үйге оралу.....	8
Үздік төрттіктің басы қосылды.....	12
Қорқыныш пен батылдық.....	13
Жаңа орта.....	14
Өнер мектебі	15
“Ең үздік перде жабушы”	18
Театрда.....	20
Компьютер клубында.....	23
Қара плащты адам	24
Үйге қайту.....	25
Таңғы ас кезінде.....	26
Димаш пен Гена.....	28
Мектептегі төбелес.....	29
Мұрат ағаймен әңгіме.....	32
Аулада	33
Айжұлдызбен кездесу.....	35
Айжұлдыз бен Түнектің кездесуі.....	36
Кешірім сұрау.....	38
Тапсырмалар.....	42

Құрметті оқырман!

Генаға бұл жыл жақсы жаңалықпен басталды. Анасының оның жанында қалатыны ол үшін әлі де түс секілді. Алайда бұл жолы Генаны үлкен сынақ күтіп тұрған еді. Генаның анасы оны тұйық мінезін ашу үшін өнер мектебіне жібереді. Сахнадан қорқатын Гена өзін қалай ұстады?

Қара ниетті Түнек Генаға қандай ой салды? Оның ішкі күйзелісі достарымен қарым-қаты-насына қалай әсер етті?

Кітаптың бұл бөлімінде ата-ана мен бала қатынасындағы жиі кездесетін мәселелер қозғалады. Балалар мен үлкендер арасындағы диалогтар оқырманға ой салады.

Әр бала өз қорқынышымен бетпе-бет келіп, оны жеңудің оңай еместігін түсінеді. Олар жүрек қалауын тыңдап, сезімдерін айтуды үйренгенде өз таланттары ашылады. Сонымен қатар достық, отбасына деген құрмет пен өз арманына адал болу секілді қасиеттердің адам өміріндегі маңызын түсінеді.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”
баспасының авторлар ұжымы

Гена





Жақсы жаңалық

– Гена, балам, тұра ғой! Таң атты, – асүйден естілген нәзік дауыс Генаның тәтті ұйқысын бөліп жіберді.

Далада күз еді. Әдетте бұл мезгілде Гена жаңа оқу жылының басталғанына қуанудың орнына анасының жұмыс бабымен алысқа кететініне мұңайып жүретін еді. Сондықтан таңертең анасының даусын түсімде естідім деп ойлап, ұйқылы-ояу жатып алды.

Гена тұрмаған соң анасы бөлмесіне келіп, Генаның басынан сипап:

– Балам-ау, таң атты ғой, тұрсаңшы! Әжең екеуміз сүйікті ботқаң мен бауырсақ пісіріп қойдық, – деді.

– Ұйқымнан оянсам, сен кетіп қаласың ғой, – деді ұйқылы-ояу жатқан Гена.

– Мен ешқайда кетпеймін. Біз бұл жайлы сөйлестік емес пе? Енді әрдайым бірге боламыз, – деді анасы.

Гена көзін ашты. Алдында айдай сұлу анасы күлімдеп отыр. Бұл сәт түсі емес, өңінде болып жатқанына көзі жеткенде Гена анасының мойнына асыла кетті.

Сөйтіп, Гена, анасы және әжесі бірге отырып таңғы ас ішті. Гена анасының Нұр-Сұлтанға қалатынын білсе де, бұған әлі сене алмай отыр. Дастарқан басында “анашым шынымен жанымда ма?” дегендей жалтақтап қарай береді. Әжесі онысын байқап қойып:

– Мен немеремді қызғанайын дедім. Бізге де бір қарап қойсаңшы, Генажан, – деп ботқаны Генаның алдына қойды.

– Ммм, иісін-ай, – деп ыстық ботқасын үрлеп, жей бастады.